Ертеде бір қаланың пәк әрі әділ қазысы жалғыз қызын иманды біреуге тұрмысқа бермек болады. Қызын талай байлар айттырады, бірақ олар қазының көңілінен шыға қоймайды. Бір күні қазы демалу үшін бау-бақшасына барып жайғасады. Бақша күтушісіне жүзім әкелуін өтінеді. Ол бір шоқ жүзімді жуып, қазыға ұсынады. Қазы жүзімді ауызына сала бере, артынан іле-шала жерге түкіріп тастайды да:

— Неге жүзімнің тәттісін алып келмегенсің? - деп сұрайды. Сонда бағбан:

— Қайсы жүзімді әкел десеңіз, соны әкелейін, ал олардың қайсысы тәтті екенін білмеймін.

Қазы таңғалып:

— Екі жылдан бері жүзімдерді өсіріп, баптап келесің. Оның дәмін әлі күнге ажырата алмай жүрмісің?

— Сіз мені жұмысқа аларда жүзімдерді күтесің деген едіңіз. Ал дәмін татып тұр деп айтқан жоқсыз. Сондықтан осы уақытқа дейін бір жүзімді де аузыма салып көрген емеспін, - депті.

Таңғалған қазы әйелімен ақылдасып:

— Біз іздеп жүрген күйеу бала алыста емес, дәл біздің шаңырағымыздың астында екен. Қызымызды осы жігітке берейік, - деп, қыздарын адал бағбанға тұрмысқа береді.

1. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
A. Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.
B. Адамгершілік қасиет – басты құндылық.
C. Өзгеге құрмет – өзіңе құрмет.
Д. Байлық – бақыттың белгісі. [1]

2. Мәтіндегі ақпараттарды ретімен орналастырыңыз.

| Р/с | Мәтіндегі ақпараттар | Реті |
|---|---|---|
| 1 | Бағбан қазының күйеу баласы болады. | |
| 2 | Қызын адамгершілігі мол жігітке күйеуге беруді шешеді. | |
| 3 | Жүзімдердің қайсысы дәмді екенін білмейді. | |
| 4 | Бағбан екі жыл бойы жүзімнің дәмін татпаған. | |

[1]

3. Мәтіндегі ақпарттардың қайсысы негізгі, қайсысы қосымша ақпарат екенін V белгісін қою арқылы анықтаңыз.

| Р/с | Мәтіндегі ақпараттар | Негізгі ақпарат | Қосымша ақпарат |
|---|---|---|---|
| 1 | Бір күні қазы демалу үшін бау-бақшасына барып жайғасады. | | |
| 2 | Сондықтан осы уақытқа дейін бір жүзімді де аузыма салып көрген емеспін. | | |
| 3 | Біз іздеп жүрген күйеу бала алыста емес, дәл біздің шаңырағымыздың астында екен. | | |

[1]

4-5. Мәтінді тыңдап, мазмұны бойынша сөйлемдерді толықтырыңыз.

A. Сондықтан ________________________________________________аузыма салып көрген емеспін.

[1]

B. Сіз мені __________________________________________________ деген едіңіз. [1]

**Балл қою кестесі**

| № | Жауап | Балл | Қосымша ақпарат |
|---|---|---|---|
| 1 | | | |
| 2 | | | |
| 3 | | | |
| 4 | | | |
| | | | |

**7.5-тапсырма.** 7.3-тапсырмада әзірленген тапсырмаға балл қою кестесін құрастырыңыз.

**Балл қою кестесі**

| **№** | **Жауап** | **Балл** | **Қосымша ақпарат** |
|---|---|---|---|
| 1 | | | |
| 2 | | | |
| 3 | | | |
| 4 | | | |
| | | | |

## 7-күн, 4-сабақ. Тоқсандық жиынтық бағалау: бал қою кестесін сараптау

**7.6-тапсырма.** Балл қою кестесінің сапасын бағалауға арналған бақылау парағын әзірлеңіз.

| |
|---|
| ☑ ______________________________________ |
| ☑ ______________________________________ |
| ☑ ______________________________________ |
| ☑ ______________________________________ |
| ☑ ______________________________________ |
| ☑ ______________________________________ |
| ☑ ______________________________________ |

**7.7-тапсырма.** Жоғарыда 7.4-7.5-тапсырмаларда әзірленген балл қою кестесіне сараптама жасаңыз

**Сараптама қорытындысы**

**7.8-тапсырма.** Тоқсандық жиынтық бағалаудың балл қойылуын стандарттау үдерісінің реттілігін анықтаңыз және оларды «ДЕЙІН», «КЕЙІН» өткізу бойынша бөліңіз.

| | |
|---|---|
| Бір тапсырманы таңдаңыз | |
| Оқушылардың жұмыстарын таңдаңыз | |
| Келісімге келгеннен кейін ғана өз бетіңізше балдарды қойыңыз | |
| Балл қою кестесі тапсырмаға қалай қолданылатынын талқылаңыз (жалпы қателер, анықтау және т.б.) | |
| Тапсырманы өз бетіңізше орындаңыз *(эсседен басқа)* | |
| Балл қою кестесін қолдана отырып, оқушылардың жауаптарын өз бетіңізше тексеріңіз | |
| Балл қою кестесі тапсырмаға қалай қолданылатынын өз бетіңізше қарастырыңыз | |
| Басқа мұғалімдермен бірге балдарға шолу жасаңыз. Содан соң балдардағы айырмашылықты **жойыңыз** және **талқылаңыз**. | |

**Сабақ бойынша рефлексия**

***Мен бүгін ... жақсы жасадым:***

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

***Мен осы сұраққа әлі де жауап іздеуім керек:***

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

## 8-күн, 1-сабақ. Нәтижелердің сенімділігі мен валидтілігі

**8.1-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіз

**Тест**

1. Дәйексөздің (цитатаның) авторын анықтаңыз: «Бағалау мазмұнын жетілдіру маңызды, алайда бағалауды оқу деңгейін арттыру үшін қолдану жеткіліксіз».
A) Гуд
B) Блум
C) Хэтти
D) Шепард

2. Көп таңдауды қажет ететін тапсырманың бұл элементін қолданудағы негізгі міндет – оқу материалын жеткіліксіз меңгерген оқушылардың назарын аудару. Сол элементті көрсетіңіз.
A) дескриптор
B) дистрактор
C) кілті
D) негізі

3. Берілген тапсырмалар түрлерінің қайсысы ашық түрдегі тапсырмаға жатады?
A) салыстыру
B) ара қатынасын табу
C) жауапты таңдау
D) қысқа жауап

4. Тапсырманы орындау кезіндегі әрекетті суреттейтін сипаттама қалай аталады?
A) дескриптор
B) дистрактор
C) бағалау критерийі
D) ойлау дағдыларының деңгейі

5. Оқушылардың дайын жауабына балл қоюға болатын құралды атаңыз.
A) дескриптор
B) дистрактор
C) бағалау критерийі
D) балл қою кестесі

6. Қысқа немесе толық жауапты қажет ететін тапсырманың түрін атаңыз.
A) жабық түрдегі
B) ашық түрдегі
C) көп таңдауы бар
D) шындықты анықтау

7. Жоғары деңгей дағдыларына жатпайтын дағдыны көрсетіңіз.
A) талдау
B) білу
C) бағалау
D) жинақтау

8. Қай тапсырма жабық түрдегі тапсырмаға жатпайды?
A) Шындық/Жалған
B) көп таңдауы бар
C) бос орынды толтыру
D) салыстыру

*Мәтінді оқыңыз және мәтінге қатысты 9-10 сұрақтарға жауап беріңіз.*

Бағалауды стандарттау мақсатында оқушылардың жиынтық жұмыстарының нәтижелерін талқылау үшін мұғалімдер модерация жүргізеді. Әдістемелік бірлестік жетекшілері модерация отырысын өткізетін уақытты, орынды алдын ала жоспарлайды, талқылау жұмысын реттеп отыратын төрайымды анықтайды (әдістемелік бірлестік жетекшісін немесе мұғалімді).

Модерацияға аталған сыныптарда сол пәннен сабақ беретін мұғалімдердің барлығы қатысады. Егер мектепте бір ғана пән мұғалімі жұмыс істейтін болса, модерацияны өз бетінше ұқсас пәндердің мұғалімдерін қатыстыра отырып өткізуге немесе бағалау бойынша мектеп үйлестірушісінің қатысуымен өткізуге рұқсат етіледі. Бір отырыста бірнеше пәнге және/немесе бірнеше параллель сыныптарға модерация жүргізуге болады.

Тексерілген жұмыстардың ішінен мұғалім үш жұмысты іріктеп алады: максималды балмен бір жұмыс, минималды балмен бір жұмыс және бағалау қиындық туғызған бір жұмыс. Егер мұғалім бірнеше сыныпта сабақ беретін болса, үш жұмыс барлық жұмыстардың жалпы санынан іріктеледі. Модерация бойынша отырыста мұғалімдер балдардың балл қою кестесіне сәйкестігін талқылайды, қажет болған жағдайда ұжыммен бірлесе балл қою кестесіне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді.

Модерация қорытындысы бойынша балдары өзгерген оқушылардың жұмыстары қайта тексеріледі.

Модерация аяқталған соң отырыстың хаттамасы толтырылады. Хаттама әдістемелік бірлестік жетекшісінде сақталады.

9. Модерация үдерісінде қандай түсініктер қарастырылады?
A) Бағалаудың дәлдігі
B) Бағалаудың анықтығы
C) Бағалаудың сенімділігі
D) Бағалаудың объективтілігі
E) Қатесіз бағалау

10. Дұрыс тұжырымдаманы анықтаңыз.
A) Модерация үдерісіне үйлестіруші қатысады.
B) Модерацияны басқа мұғалім жүргізеді.
C) Модерация үдерісінде тексерілмеген жұмыстар қарастырылады.
D) Модерацияға тек жоғары балы бар жұмыстарды дайындайды.
E) Модерация үдерісінде балл қою кестесіне өзгерістер енгізеді.

**Тест сенімділігі туралы қорытынды:**

**8.2-тапсырма.** Сенімділікті және валидтілікті қамтамасыз етуге арналған нұсқаулықты зерделеп, бағалаудың валидтілігі мен сенімділігін анықтауға арналған бақылау парағын дайындаңыз.

## Нәтижелердің сенімділігі мен валидтілігі. Сенімділікті қамтамасыз етуге арналған нұсқаулық (Чарльз Дарр материалдарының негізінде, 2005)

### Сенімділік дегеніміз не?

Сенімділік — бұл бағалау кезінде алған нәтижелердің тұрақтылығы. Бұл төмендегілерді білдіруі мүмкін:

• Уақытқа қатысты тұрақтылық – егер бағалау басқа күні немесе басқа уақытта өткізілсе нәтижелер бірдей бола ала ма?

• Тапсырмалар арасындағы тұрақтылық – бағалау үшін басқа тапсырмалар іріктеліп алынса нәтиже бірдей бола алар ма еді?

• Баға қоюшылар арасындағы келісім – егер жұмысты басқа тексеруші бағаласа нәтижелер бірдей бола ала ма?

Тұрақтылық деңгейі артқан сайын нәтиже сенімді бола түседі. Алайда нәтижелер өте (абсолютті) сенімді болуы мүмкін емес. Барлық уақытта бағаға әсер ететін кездейсоқ ықтималдық болады.

### Сенімділікті анықтау

Сенімділікті анықтау дәстүрлі түрде статистикалық өлшем ретінде қарастырылды. Көбіне бұл бағалаудың жақсы нәтижелері қаншалықты бағалау құралдарын қайта қолданумен қиылысатынын көрсету үшін сенімділік коэффициентін есептеу болып табылады. Нақтылық коэффициенті нөлден бірлікке дейін өзгереді, сонымен бірге нөл келісімнің жоқтығын көрсетеді. Тест құрастырушылар сенімділік коэффициентін есептеу үшін оларды қызықтыратын келісім түрлеріне қатысты бірнеше әдістемені қолданады. Олардың кейбіреулері төменде қысқаша берілген.

Сенімділік коэффициенті көбіне стандартталған тестілерден 0,9-ден артық, бұл сенімділіктің жоғары деңгейін көрсетеді. Алайда бағалаудың нәтижелерін жинау үшін сенімділік қаншалықты жоғары деген сұрақ көп жағдайда қандай шешім қабылдау деңгейі біздің бағалау нәтижелерімізге негізделетініне байланысты. Біздің бағалауға қатысымыз бар кезде оның маңызы жоғары, бізге жоғары сенімділік қажет. Ал шешімнің ұзақ мерзімді салдарлары болмаған жағдайда сенімділіктің жоғары деңгейі маңызды емес.

СЕНІМДІЛІКТІ АНЫҚТАУ ӘДІСТЕМЕСІ

| Әдіс | Үдеріс |
|---|---|
| **Тестілеу/ қайта тестілеу** | Сол тест немесе сол эквивалентті нұсқа бір топтағы оқушыларға әртүрлі уақытта қолданылады. Содан соң екі нәтиженің жинағы сенімділік коэффициентін есептеу үшін салыстырылады. Бұл әдіс уақытқа қатысты нәтижелермен немесе сол тестің эквивалентті формасы арасындағы нәтижелермен қаншалықты сәйкес екендігі туралы ұсынысты береді. |
| **Ішкі келісім** | Түрлі тапсырмалар бойынша нәтижелер немесе бөлімдер бойынша нәтижелердің бағалары қаншалықты жақсы және қаншалықты байланысты екендігі салыстырылады. Тест тапсырмаларын екі бөлікке бөлу және әр бөліктегі нәтижелерді салыстыруды қоса алғанда (сплитхаф әдісі – тең бөлу), түрлі бірнеше әдістерді қолдануға болады. Осындай сенімділік коэффициенті түріндегі басқа мысалдар барынша күрделі статистикалық әдістерден тұрады. Тест тапсырмалары бар оқулықтардан көбіне Альфа-Кронбах деп не аталатынын немесе Кудер Ричардсонның 20 немесе 21 формулаларын қолдануды көреміз. Мұндай сенімділік коэффициентін есептеу элементтердің реттілігінің қандай екендігін немесе бағалау аясындағы тапсырмалар сол нәтижелерге себеп болатындығы туралы ұсынысты береді. |

| | |
|---|---|
| **Бағалаулар арасындағы нақтылық** | Түрлі бағалаушылардың нәтижелерін келісім деңгейін анықтаумен салыстыруға болады. Бұл әдіс екі немесе одан да көп бағалаушылардың бір тапсырманы орындауы қаншалықты дәйекті екенін көрсету үшін қолданылады, бұл біліктілік үшін контекстік бағалауда қолданылған кезде ұстамдылық деп аталады. |

**Сыныптағы сенімділік**

Мұғалімдердің сенімділік коэффициентін есептеуге уақыт жұмсауы немесе олар өздері құрастыратын тест тапсырмалары немесе бағалау тапсырмалары үшін өлшемнің стандартты қателіктерін сипаттауы екіталай. Алайда бұл сенімділік мәселесі сыныптағы бағалауға қатысты жоқ дегенді білдірмейді, сенімді болып табылатын оқушыларды бағалау нәтижелерін пайымдау мен шешімге негіздеу өте маңызды. Сонымен, мұғалім сыныптың өз бағаларына сенімді екендігіне қалай көзін жеткізуге болады? Джеффри Смиттің (2003) пікірінше, сенімділіктің альтернативті анықтамасы сыныптағы бағалауға көбірек келеді деп тұжырымдайды. Ол «ақпараттың жеткіліктілігі» идеясын ұсынады. Смит үшін сыныптағы бағалаудың нақтылығы туралы пайымдауы мынадай сұраққа құрастырылуы қажет: «Осы оқуға қатысты әр оқушының үлгерім деңгейі туралы пікір айту үшін бұл бағалау қажетті ақпараттарды ұсына ала ма?» (Смит, 2003).

Тейлор және Нолан (1996) да осы көзқарасты қолдайды. Олардың айтуынша, «бағалаудың кең ауқымды диапазоны ұзақ тестің мақсатына қызмет етуі мүмкін – ақпараттар мен нақтылық дәлелдерінің дереккөздері көп болған сайын сенімді шешім қабылдануы мүмкін».

Мұндай анықтама: «Қанша ақпарат жеткілікті?» деген сұрақты туындатады. «Жеткілікті ақпарат» пен мүлдем ұзақ бағалау арасында нақты сызық бар. Әрине, бұған жеңіл жауап беру мүмкін емес, түптеп келгенде, бұл кәсіби пайымдауға саяды. Дегенмен осы сұраққа қатысты кейбір тәжірибелік ұсыныстарды Энн Дэвис те ұсынды (2000). Ол мұғалімдер триангуляция концепциясын сенімділікті арттыру және сыныптағы бағаның негізділігінің тәсілі ретінде қолданады деп болжайды.

Триангуляция (бетті қисық сызықтарға бөлу әдісі) кез келген шешімді қабылдаудың негізі ретінде бағалауды дәлелдеудің үш түрлі дереккөзін қолданудан тұрады. Дэвис үшін бұл салалар – оқушылар жасайтын (тест нәтижелерін қоса алғанда) нәтижені, оқуды, сондай-ақ, әңгімелесуді меңгеруді бақылау. Мұғалімдер осы дереккөздердің әрқайсысының дәлелдерін қарастырған және жинақтаған кезде, олар көбіне тек бір салаға немесе нәтижеге сүйенгеннен гөрі оқушылардың ілгерілеуі туралы сенімді және маңызды шешімді шығаруға бейім келеді. Сенімділік мәселесі кездейсоқ өзгеріс, шын мәнінде, бағалау кезінде болуы қажеттігі туралы ескертеді. Бұл оқушыларды бағалаған кезімізде, әсіресе бағалау нәтижелері өздері тікелей қатысатын жеке оқушы және / немесе оқыту мен оқу бағдарламалары туралы шешім қабылдау үшін қолданылатын кезде бізге қатысты болуы тиіс.

Ескертпе: сенімсіз нәтижелердің оқушылар үлгерімі туралы дәйекті шешім шығаруға алып келмейтінін атап өту маңызды. Алайда бағалау нәтижелерінің сенімді болуы біздің маңызы барларын ғана бағалайтынымызды білдірмейді. Олай болса, сенімділік қажетті болып табылады, бірақ әрекеттің жеткілікті жағдайында емес.

***Сілтеме: A hitchhiker's guide to reliability. Charles Darr. 2005.***

## Валидтілікті қамтамасыз етуге арналған нұсқаулық
## (Чарльз Дарр материалдарының негізінде, 2005)

**Валидтілік дегеніміз не және маңыздылығы неде?**

Бұған дейін валидтілік тестілеу құралдары немесе бағалаудың өлшемін бағалауды қажет ететін деңгей ретінде жиі қарастырылды. Дегенмен соңғы кезде бағалауға қатысты мамандар валидтілікті бағалау құралдарын тіркеу ретінде қарастырмау керек деп тұжырымдайды. Оның орнына валидтілікті бағалау нәтижелері негізінде қабылданатын түсіндіру және шешім қабылдау сапасын бағалау ретінде интерпретациялауды ұсынады, яғни бағалау нәтижесі негізінде қаншалықты жақсы шешімдер (қорытындылар) мен әрекеттер жасаймыз және олар қаншалықты негізді бола алады. Валидтілік бағалауда негізгі мәселе ретінде қарастырылуы мүмкін. Егер бағалау қолданылатын болса, онда бағалау нәтижелері негізінде қабылданатын қорытындылар мен шешімдердің негізінің жақсы болуы аса маңызды. Сонымен, біз валидтілік деңгейін қалай бағалаймыз?

**Валидтілік деңгейін бағалау**

Валидтілік деңгейін бағалау қарапайым техникалық рәсімдерге дейін қысқармауы қажет. Сондай-ақ, валидтілік абсолютті (шүбәсіз) шәкілде өлшенбеуі керек. Бағалаудың валидтілігі нақты оқушылар тобы үшін қабылданған нақты шешімдер мен қорытындыларға жатады.

Сондықтан валидтілік анықтамасы осы интерпретациялар мен шешімдерді растайтын дәлелдерді жинақтауды қамтиды. Мұндай дәлелдер бізді валидтіліктің жоғары, орта немесе төмен дәлелдеріне алып келеді. Олай болса, қандай дәлелдер жинақтайтынымыз біздің қандай интерпретациялар мен шешімдер қабылдайтынымызға байланысты болады.

Мұндай валидтілікті зерттеу кейде валидтіліктің дәлелді аргументін құрастыру ретінде қолданылады. Бағалау бойынша екі сарапшы, Роберт Линн мен Дэвид Миллар (2005) валидтілікке қатысты төрт негізгі түсінікті ұсынды. Оның үшеуі – мазмұнды түсінік, сындарлы түсінік және валидтіліктің негізі бөлігі болып табылатын критериалды өзара байланыс. Төртіншісі, жақында қосылған, дегенмен маңыздылығы бар салдарлы (логикалық тұрғыдан туындайтын) аспект болып табылады.

Валидтілік біз бағалауды құрастырғанда немесе бағалау бағдарламалары туралы шешім қабылдаған кезде назарымызда болуы тиіс. Сенімді және пайдалы (жарамды) болып табылатын, оң әсерлерге алып келетін, оқушыларымыздың ілгерілеуін тексеруге мүмкіндік беретін бағалау нәтижелері барынша маңызды.

**Мазмұнды аспектілер**

Біз оқушыларды бағалаған кезде барлық аспектілерді қамти алмаймыз. Сондықтан тестіленетін модельдің оқуға қатысты қызығушылықты туындатуы және меңгерілген материалдың дұрыс үлгісі болуы маңызды. Бұл біздің оқу мақсатын өте жақсы түсінуімізді және біз қолданып жүрген тапсырмалар немесе бағалау элементтері арасындағы байланысты көрсетуге дайын болу қажеттігімізді білдіреді.

Сұрақтардың мазмұны бағалау тапсырмаларын құрастыру кезінде мұқият қарастырылуы тиіс. Кейде бұл құрастыруға дейінгі контенттің спецификациясын (сипаттамасын) жазу үшін уақытты немесе элементті және соларға сәйкес тапсырмаларды таңдауды талап етуі мүмкін. Стандартталған тест тапсырмалары мен жоғары сатыдағы бағалауды құрастырған кезде құрастырушылар тәжірибелі мұғалімдерді қоса алғанда, пән мұғалімдерін жиі қатыстырады. Бұл оқытуда спецификацияның мазмұны мен оқытылған ақпараттағы бағалау элементтерінің сәйкестігін тексеруге мүмкіндік береді. Аталған жұмыс әріптестер мен оқушылардың талқылауынан тұруы мүмкін. Бағалау құралдары бізді қызықтыратын оқудың объективтілігін қамтамасыз еткенде, оқу саласындағы жетістігіміз туралы негізді шешім шығару мүмкіндігіміз артады.

**Сындарлы аспектілер**

Бағалау мақсаттарының бірі белгілі бір сипаттама немесе белгінің құрастырылуын анықтаудан тұрады. Бұған валидтіліктің сындарлы аспектілері көмектесуі мүмкін.

Сындарлы аспектілер – бұл бағалауда қызығушылықты туындататын пайымдау немесе ойлау түрлері сияқты ерекше психологиялық сипаттамалар немесе белгілер. «Математика» пәнінде бағалау бойынша аталған белгілер «мәселелені шеше білу» немесе «математикалық пайымдау» болуы мүмкін. Оқылым дағдысын бағалауда бұл «түсінуді» білдіреді. Сындарлы аспектілерді валидтілік аргументі ретінде қарастырған кезде, біз бағалау нәтижесі белгілі бір белгі немесе белгілердің болуы туралы шешім шығару үшін қолданылуы мүмкін деңгейді меңгереміз. Ереже бойынша бағалау нақты белгілер мен сипаттамаларға бағытталғандықтан, сындарлы аспектілер шындықты бағалау барысында, валидтілікті бағалау кезінде ең жоғары басымдықтарды жиі ұсынады.

Бағалау тапсырмаларындағы сындарлы аспектілерді өңдеуді қарастыра отырып, біз сындарлы аспект дегеніміз не және ол қалай айқындалатынын нақты түсінуіміз керек. Виггинс (1998, 32-бет) екі сындарлы аспектілерді қарастырады:

• Оқушы түсіну немесе бағалау дағдыларының күтілетін деңгейіне қатысы жоқ болуы себебінен тапсырмаларды жақсы орындай ма?

• Оқушы түсіну немесе бағалау дағдыларының күтілетін деңгейіне қатысы жоқ болуы себебінен тапсырмаларды нашар орындай ма?

**Критериалды аспектілер**

Кейде валидтілікке дәлелдер құрастыру біздің бағалау нәтижелеріміз басқа болжамды нәтижелермен қаншалықты жақсы салыстырылады. Бірдей аспектілерді бағалау үшін құрастырылған екі түрлі бағалау нәтижелері ұқсас болған кезде біз бағалауымыздың «бір бағытқа бағытталғандығының» дәлелі ретінде пайдалана аламыз. Тест құрастырушылар валидтілікке қатысты дәлелдер келтіру үшін аталған қатынастарды қарастыратын корреляциялық (өзара байланысты) зерттеулерді жиі жүргізеді.

Сыныпта біз бағалау мен критерийлердің өзара байланысын тексеру үшін зерттеу жүргізуіміз екіталай. Алайда, біз бірдей аспектілерді тестілеу үшін белгіленген бағалаудың әртүрлі құралдарын қолдану нәтижелері жетістіктердің түрлі интерпретациясына алып келеді дегенге назар аударуымыз қажет. Екінші кезеңде біздің бағалауымыз сыныпта келешектегі жетістіктерді қаншалықты жақсы болжай алады және ол мүмкін болатын ілгерілеу туралы тұжырымдарға қолданылуы мүмкін бе дегенді анықтау үшін зерттеу жүргізуге болады.

**Салдарлар аспектілері**

Аспектінің бұл түрі бағалау нәтижелерін қолданудың салдарларын бағалаудан тұрады. Бағалау нәтижелеріне берілетін мағына оқу мен оқытуға әсерін тигізеді. Аталған салдарлардың кейбірі, әсіресе, қолданыстағы бағалау форматы «оқуды тестілеуде» немесе оқушылар ынтасының төмендеуіне әкеліп соққанда теріс әсер етуі мүмкін. Мысалы, қағаз түріндегі тексеру бағалаудың жалғыз формасы болғанда, ол тесті орындау үшін қызықтыратындай болуы мүмкін және ол сыныптағы оқу үдерісін шектейді.

Шешім қабылдау немесе оқушыларды өз ілгерілеуі туралы ақпараттандыру үшін бағалау нәтижелерін қолданудың салдары біздің жалпы білім беретін мақсатымызға «зиян келтіретіндігінің» дәлелі бар болса бағалаудың валидтілігіне күмәнмен қарауымыз керек.

**Валидтілікті тексеру**

Бағалау мәліметіне негізделген валидті интерпретациялар мен шешімдер қабылдау қабілетіміз көптеген факторлардан әлсіреуі мүмкін. Бұл туралы білу бізге валидтілік тұжырымдамасы туралы ақпарат беретіндей сұрақтар құрастыруға көмектесуі мүмкін.

Валидтілікті түсіну көбіне қауіпті болуы мүмкін, сонымен бірге қандай бағалауға назар аудару қажет және оларды не үшін қолданатынымыз туралы бізге шешім қабылдауға көмектеседі.

*Сілтеме: A hitchhiker's guide to validity. Charles Darr. 2005.*

**Нәтижелердің сенімділігін бақылау парағы**

☑ ______________________________

☑ ______________________________

☑ ______________________________

☑ ______________________________

☑ ______________________________

☑ ______________________________

☑ ______________________________

☑ ______________________________

☑ ______________________________

☑ ______________________________

☑ ______________________________

☑ ______________________________

☑ ______________________________

☑ ______________________________

☑ ______________________________

**Нәтижелердің валидтілігін бақылау парағы**

☑ ____________________________________________

____________________________________________

☑ ____________________________________________

____________________________________________

☑ ____________________________________________

____________________________________________

☑ ____________________________________________

____________________________________________

☑ ____________________________________________

____________________________________________

☑ ____________________________________________

____________________________________________

☑ ____________________________________________

____________________________________________

☑ ____________________________________________

____________________________________________

☑ ____________________________________________

____________________________________________

☑ ____________________________________________

____________________________________________

☑ ____________________________________________

____________________________________________

☑ ____________________________________________

____________________________________________

☑ ____________________________________________

____________________________________________

**8-күн, 2-сабақ. Бағалаудың сапасын қамтамасыз ету**

**8.3-тапсырма.** Бағалауды қолдайтын факторларды анықтаңыз және әр факторға мысал келтіріңіз.

| | |
|---|---|
| Оқушыларға қатысты факторлар | |
| Мұғалімдерге қатысты факторлар | |
| Сыртқы факторлар | |

**8.4-тапсырма.** Жағдаятты зерделеп, себебін анықтаңыз және шешімін ұсыныңыз.

**1-жағдай**

Мұғалім жаңа сабақты түсіндіріп болғаннан кейін оқушыларға орындауға тапсырма берді. Ол сабақта түрлі-түсті стақандарды қолданып, «Бағдаршам» әдісі арқылы өткізуді шешті.

Тапсырманы орындау үдерісінде кейбір оқушылар жанына сары түсті стақанды, басқалары – қызылды, үшіншілері – жасылды қойды. Бұл кейбіреулерінің тапсырманы өз бетінше орындай алатынын, ал басқалары мұғалімнің немесе сыныптасының көмегін қажет ететіндігін көрсетеді.

| **Себебі** | **Әрекет** |
|---|---|
| | |
| | |
| | |

**2-жағдай**

Мұғалім тоқсандық жиынтық бағалауды тексерді. Тоқсандық жиынтық бағалау нәтижесі бойынша оқушылар бөлімдердің бірінен төмен нәтиже көрсетті. Бөлім бойынша жиынтық бағалау үдерісінде аталған бөлім бойынша оқушылар барынша жоғары нәтиже көрсеткен еді.

| Себебі | Әрекет |
|---|---|
| | |
| | |
| | |

**Қорытынды:**

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

## 8-күн, 3-4-сабақтар. Бағалау нәтижесін талдау

**8.5-тапсырма.** Сабақты жоспарлауда кері дизайн әдісінің қадамдарын анықтаңыз:

**Сабақты жоспарлау: кері дизайн**




**«Соңынан бастау» (Кері дизайн)**

Сабақты жоспарлаған кезде алдымен сабақтың осы және басқа да кезеңдерінде не орындату керек дегенді емес, сабақ соңында білім алушылар неге қол жеткізуі қажет екенін ойлану қажет. Сондай-ақ алдыңғы сабақтағы нәтижелерді де ескерген дұрыс. Егер аталған сабақта келесі сабақтың мақсатына жетуге тікелей байланысты болатын болжанған мақсатқа жету мүмкін болмағанын байқасаңыз, бұл материалды тағы бір рет өту қажет.

*(Қандай нәтижеге қол жеткізгіңіз келеді? Бұл нәтиже келесі сабаққа дайын келетініне, балаларды ертең неге үйрететініңізге және сіздің оқушыларыңыздың нені меңгеруі қажет екендігіне қаншалықты байланысты?)*

«Соңынан бастау» әдісі келесі кезеңдерді болжамдайды:

1) Алдыңғы сабақтағы мақсатқа қай деңгейде қол жеткізгеніңізді ескере отырып, сабақтың мақсатын анықтау және түзетулер енгізу.

2) Білім алушылардың оқу мақсатына жетуін бағалауға мүмкіндік беретін күнделікті бағалау жүйесін жоспарлау. Барынша тиімді бағалау үшін бағалау критерийлерін құрастыру.

3) Берілген мақсаттарға қатысты нақты әрекеттер түрін жоспарлау, яғни, сәйкес тапсырмалар мен жаттығуларды іріктеу.

***Дереккөзге сілтеме: Лемов Д. (2015). Мұғалім шеберлігі: Көрнекті оқытушылардың тексерілген әдістері. Мәскеу: «Манн, Иванов және Фербер»***

**Қорытынды:**

____________________________________________________________

____________________________________________________________

____________________________________________________________

**8.6-тапсырма.** Жағдайды талдап, өз жауабыңызды ұсыныңыз

*«Х мектебінің осы пәннің мұғалімдері әдістемелік бірлестігінің жетекшісі мұғалімдерден неге осы мектеп оқушыларында құрылымдық тапсырмаларды шешуде қиындықтар туындайды деген сұраққа жауап беру үшін ой шақыру жүргізуді өтінді. Мұғалімдер өз жауаптарын жазды».*

Сіздің жауабыңыз:

**8.7-тапсырма.** Оқушылардың жиынтық бағалау нәтижелерін талдау: Келтірілген шешіммен келісесіз бе? Неліктен?

Сіздің шешіміңіз:

| Оқушының аты-жөні | Сынып/литер | Бөлім бойынша жиынтық бағалау | | | | | | Тоқсандық жиынтық бағалау | | 1-тоқсандағы бағалар есебі | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 50% | | | | | | 50% | | 100% | | | |
| | | 1-бөлім 1БЖБ | | 2-бөлім 2БЖБ | | 3-бөлім 3БЖБ | | ТЖБ | | % БЖБ | % ТЖБ | % барлығы | Баға |
| | | Макс. балл: | 10 | Макс. балл: | 12 | Макс. балл: | 12 | Макс. балл: | 20 | | | | |
| А1 | а | 5 | 10 | 7 | 12 | 8 | 12 | 15 | 20 | 29,4 | 37,5 | 67 | **4** |
| А2 | а | 7 | 10 | 5 | 12 | 6 | 12 | 9 | 20 | 26,5 | 22,5 | 49 | **3** |
| А3 | а | 8 | 10 | 11 | 12 | 10 | 12 | 18 | 20 | 42,6 | 45,0 | 88 | **5** |
| А4 | а | 4 | 10 | 3 | 12 | 5 | 12 | 10 | 20 | 17,6 | 25,0 | 43 | **3** |
| А5 | а | 6 | 10 | 7 | 12 | 5 | 12 | 5 | 20 | 26,5 | 12,5 | 39 | **2** |

**Мұғалімнің шешімі:** Бағалау 2-ден 5-ке дейінгі барлық шәкілде бөлінген, оқушылардың нәтижелері бағалаудың сенімді екеніне дәлел, яғни, нәтижелердің ара қатысы бар екенін және сараланатынын көрсетеді. Нашар оқитын оқушылармен жұмысты күшейту қажет.

| Оқушының аты-жөні | Сынып/литер | Бөлім бойынша жиынтық бағалау | | | | | | Тоқсандық жиынтық бағалау | | 1-тоқсандағы бағалар есебі | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 50% | | | | | | 50% | | 100% | | | |
| | | 1-бөлім 1БЖБ | | 2-бөлім 2БЖБ | | 3-бөлім 3БЖБ | | ТЖБ | | % БЖБ | % ТЖБ | % барлығы | Баға |
| | | Макс. балл: | 10 | Макс. балл: | 11 | Макс. балл: | 10 | Макс. балл: | 20 | | | | |
| Б1 | б | 10 | 10 | 11 | 11 | 9 | 10 | 10 | 20 | 48,4 | 25,0 | 73 | **4** |
| Б2 | б | 10 | 10 | 11 | 11 | 10 | 10 | 14 | 20 | 50,0 | 35,0 | 85 | **5** |
| Б3 | б | 10 | 10 | 10 | 11 | 10 | 10 | 15 | 20 | 48,4 | 37,5 | 86 | **5** |
| Б4 | б | 9 | 10 | 10 | 11 | 10 | 10 | 11 | 20 | 46,8 | 27,5 | 74 | **4** |
| Б5 | б | 10 | 10 | 11 | 11 | 10 | 10 | 14 | 20 | 50,0 | 35,0 | 85 | **5** |

**Мұғалімнің шешімі:** Оқушылардың нәтижелері материалды жақсы меңгергенін және оқудың тиімді тәжірибесін көрсетеді.

**Директордың пікірі:** Оқушылардың нәтижелерінен Б және В сыныптарында мұғалімдер жақсы жұмыс жүргізгенін көруге болады. Олардың оқушылары тоқсан соңында жақсы нәтиже көрсетіп отыр.
А және Г сыныптарында нәтиже біршама төмен. Осы сыныптарда жұмыс жасайтын мұғалімдерге орындау пайызына назар аудару қажет және қиындық туындаған балаларды кезеңдік талдау арқылы анықтау керек, әрі қарай жұмыс жүргізу үшін

| Оқушының аты-жөні | Сын ып/л итер | Бөлім бойынша жиынтық бағалау | | | | | | Тоқсандық жиынтық бағалау | | 1-тоқсандағы бағалар есебі | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 50% | | | | | | 50% | | 100% | | | |
| | | 1-бөлім 1БЖБ | | 2-бөлім 2БЖБ | | 3-бөлім 3БЖБ | | ТЖБ | | % БЖБ | % ТЖБ | % бар лығы | Баға |
| | | Макс. балл: | 3 | Макс. балл: | 5 | Макс. балл: | 4 | Макс. балл: | 20 | | | | |
| В1 | в | 2 | 3 | 4 | 5 | 3 | 4 | 19 | 20 | 37,5 | 47,5 | 85 | **5** |
| В2 | в | 2 | 3 | 3 | 5 | 2 | 4 | 20 | 20 | 29,2 | 50,0 | 79 | **4** |
| В3 | в | 2 | 3 | 4 | 5 | 3 | 4 | 18 | 20 | 37,5 | 45,0 | 83 | **4** |
| В4 | в | 1 | 3 | 3 | 5 | 3 | 4 | 20 | 20 | 29,2 | 50,0 | 79 | **4** |
| В5 | в | 1 | 3 | 1 | 5 | 1 | 4 | 20 | 20 | 12,5 | 50,0 | 63 | **3** |

**Мұғалімнің шешімі:** Оқушылар ТЖБ-да жоғары нәтиже көрсетті, тоқсан барысында оқу үдерісі дұрыс жолға қойылғанынан хабар береді. БЖБ қорытындысы бойынша сапалы кері байланыс берілген, ол оқушыларды бағыттауға және оларды ТЖБ-ға дайындауға көмектеседі.

жоспар жасауы тиіс. Сондай-ақ, мұғалімдер арасында іс-тәжірибемен бөлісуді ұйымдастыру қажет.

| Оқушының аты-жөні | Сын ып/л итер | Бөлім бойынша жиынтық бағалау | | | | | | Тоқсандық жиынтық бағалау | | 1-тоқсандағы бағалар есебі | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 50% | | | | | | 50% | | 100% | | | |
| | | 1-бөлім 1БЖБ | | 2-бөлім 2БЖБ | | 3-бөлім 3БЖБ | | ТЖБ | | % БЖБ | % ТЖБ | % бар лығы | Баға |
| | | Макс. балл: | 20 | Макс. балл: | 18 | Макс. балл: | 22 | Макс. балл: | 20 | | | | |
| Г1 | г | 10 | 20 | 7 | 18 | 9 | 22 | 15 | 20 | 21,7 | 37,5 | 59 | **3** |
| Г2 | г | 11 | 20 | 6 | 18 | 10 | 22 | 12 | 20 | 22,5 | 30,0 | 53 | **3** |
| Г3 | г | 16 | 20 | 13 | 18 | 14 | 22 | 19 | 20 | 35,8 | 47,5 | 83 | **4** |
| Г4 | г | 14 | 20 | 7 | 18 | 12 | 22 | 10 | 20 | 27,5 | 25,0 | 53 | **3** |
| Г5 | г | 9 | 20 | 5 | 18 | 6 | 22 | 15 | 20 | 16,7 | 37,5 | 54 | **3** |

**Мұғалімнің шешімі:** Оқушылар өздерінің оқу жетістіктері деңгейлерін БЖБ және ТЖБ кезінде растайды. БЖБ бойынша төмен балл алған оқушылар ТЖБ-да да шамамен сондай нәтиже көрсетті. Кейбір оқушыларда ілгерілеу бары байқалады, БЖБ-ға қарағанда ТЖБ-ның пайызы жоғары. БЖБ-ға қарағанда ТЖБ-дан төмен нәтиже көрсеткен оқушы бар. Қатемен жұмыс жүргізу қажет.

**8.8-тапсырма.** Модерация үдерісінде алдын алуға болатындай бағалаудағы қателіктерді анықтаңыз.

**Модерация үшін (1)**

**Оқылым**

Мәтінді мұқият оқып, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

Сұлу Көкше өңірінде биік тау бар. Жерден атқан садақтың оғы оның шыңына жетпейді. Содан да бұл тау Оқжетпес атанып кеткен.

Бұл шыңға сүйсінбейтін жан жоқ. Жақыннан қарағанда сандықша тастарды қолмен әдейілеп қалағандай көрінеді. Қарағайлар мен шыршалар Оқжетпестің тастарына қадалып өскен.

Шың туралы мынадай аңыз бар. Ертеде Бурабай, Көкше жерін мекендеген елде бір бала дүниеге келіпті. Ол елден ерекше ер тұлғалы, зор денелі, батыр болып өседі. Ірі болғаны сонша, өзін көтеруге мал шыдамаған соң пілге мініп жүріпті. Осы кезде қазақ жеріне қызыққан жау аз емес еді. Бала келген жаумен шайқасып, еліне жолатпапты.

Бір күні сол бала шайқастан кейін сәл тынығып алмақшы болады. Күміскөлдің мөлдір суына рақаттанып шомылады да, Көкшенің баурайындағы қалың қарағайдың арасына келіп жатады. Орман ішінде жасырынып жүрген жау осы сәтті дереу пайдаланады. Ұйқыдағы батырды қолға түсірмек болады. Қапыда қарусыз қалған батыр жаулармен айқаса кетеді. Батырдың күші азайып, әл-дәрмені таусылады. Сонда батыр жаулардан қорлық көргенше өлгенін артық санап, Құдайдан өзін тасқа айналдыруын тілейді. Жау қолына тастамас үшін пілін де төбесіне көтеріп алады. Сондағы батыр осы Оқжетпес болса керек.

(168 сөз)

1. Баланы қалай сипаттайды?

_______________________________________________

[1]

2. Кейіпкер қандай тілек тілейді?

_______________________________________________

[1]

3. Берілген мақал-мәтелдердің қайсысы мәтін тақырыбы бола алады?

А) Ел іші - алтын бесік.
В) Туған жер - алтын бесік.
С) Айлалы батыр алдырмас.
Д) Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі.

[1]

4. Берілген сөздердің синонимін мәтіннен тауып жазыңыз.

а. ер______________
в. демалу_______________
с. дұшпан ____________

[1]

5. Мәтіндегі оқиғаларды ретімен орналастырыңыз.

| Оқиғалар | Реті |
|---|---|
| Қаруы жоқ батыр дұшпандармен айқасады. | |
| Пілді жауға қалдырмас үшін көтеріп алады. | |
| Бала батыр болып өседі. | |
| Көлге шомылып, қарағайдың ортасында демалып жатады. | |

[1]

## Балл қою кестесі

<table>
<tr><th>Дағды</th><th>Жауап</th><th>Балл</th><th>Қосымша ақпарат</th></tr>
<tr><td rowspan="5">Оқылым</td><td>Ер тұлғалы, зор денелі, батыр</td><td>1</td><td rowspan="5">Оқушылардың басқа жауаптары да ескеріледі</td></tr>
<tr><td>Өзін тасқа айналдыруын тілейді.</td><td>1</td></tr>
<tr><td>Д</td><td>1</td></tr>
<tr><td>а. ер - батыр<br>в. демалу -тынығу<br>с. дұшпан - жау</td><td>1</td></tr>
<tr><td><table>
<tr><td>Оқиғалар</td><td>Реті</td></tr>
<tr><td>Қаруы жоқ батыр дұшпандармен айқасады.</td><td>3</td></tr>
<tr><td>Пілді жауға қалдырмас үшін көтеріп алады.</td><td>4</td></tr>
<tr><td>Бала батыр болып өседі.</td><td>1</td></tr>
<tr><td>Көлге шомылып, қарағайдың ортасында демалып жатады.</td><td>2</td></tr>
</table></td><td>1</td></tr>
</table>

## Оқушының жұмысы

### Оқылым

***Мәтінді мұқият оқып, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.***

Сұлу Көкше өңірінде биік тау бар. Жерден атқан садақтың оғы оның шыңына жетпейді. Содан да бұл тау Оқжетпес атанып кеткен.

Бұл шыңға сүйсінбейтін жан жоқ. Жақыннан қарағанда сандықша тастарды қолмен әдейілеп қалағандай көрінеді. Қарағайлар мен шыршалар Оқжетпестің тастарына қадалып өскен.

Шың туралы мынадай аңыз бар. Ертеде Бурабай, Көкше жерін мекендеген елде бір бала дүниеге келіпті. Ол елден ерекше ер тұлғалы, зор денелі, батыр болып өседі. Ірі болғаны сонша, өзін көтеруге мал шыдамаған соң пілге мініп жүріпті. Осы кезде қазақ жеріне қызыққан жау аз емес еді. Бала келген жаумен шайқасып, еліне жолатпапты.

Бір күні сол бала шайқастан кейін сәл тынығып алмақшы болады. Күміскөлдің мөлдір суына рақаттанып шомылады да, Көкшенің баурайындағы қалың қарағайдың арасына келіп жатады. Орман ішінде жасырынып жүрген жау осы сәтті дереу пайдаланады. Ұйқыдағы батырды қолға түсірмек болады. Қапыда қарусыз қалған батыр жаулармен айқаса кетеді. Батырдың күші азайып, әл-дәрмені таусылады. Сонда батыр жаулардан қорлық көргенше өлгенін артық санап, Құдайдан өзін тасқа айналдыруын тілейді. Жау қолына тастамас үшін пілін де төбесіне көтеріп алады. Сондағы батыр осы Оқжетпес болса керек.

(168 сөз)

**1.** Баланы қалай сипаттайды?

батыр (0)

[1]

**2.** Кейіпкер қандай тілек тілейді?

[illegible] (0)

[1]

**3. Берілген мақал-мәтелдердің қайсысы мәтін тақырыбы бола алады?**

A) Ел іші - алтын бесік.
B) Туған жер - алтын бесік.
C) Айлалы батыр алдырмас.
Д) Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі.

[1]

**4. Берілген сөздердің синонимін мәтіннен тауып жазыңыз.**

а. ер ___________
в. демалу ___________
с. дұшпан ___________

п

[1]

**5. Мәтіндегі оқиғаларды ретімен орналастырыңыз.**

| Оқиғалар | Реті |
|---|---|
| Қаруы жоқ батыр дұшпандармен айқасады. | 3 |
| Пілді жауға қалдырмас үшін көтеріп алады. | 4 |
| Бала батыр болып өседі. | 1 |
| Көлге шомылып, қарағайдың ортасында демалып жатады. | 2 |

[1]

3 б

**Модерация үшін (3)**

**Жазылым**

Болымды және болымсыз етістіктерді қолдана отырып, еліміздің көрікті жерлері туралы досыңызға хат жазыңыз.

________________________________________________________________________

[10]

**Балл қою кестесі**

| **Балл** | **Мазмұны (5 балл)** | **Тіл сапасы (5 балл)** |
|---|---|---|
| 5 | Өте жақсы<br>Мәтін құрылымы (кіріспе, негізгі және қорытынды), жанры, стилі толық сәйкес келеді. Ойын жүйелі түрде жеткізеді.<br>Лексикалық минимумды қолдануы жоғары, стильдік қолданысы өте дұрыс. | Өте жақсы<br>Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды өте дұрыс қолданады.<br>Елеусіз қателері ойды түсінуге кедергі келтірмейді. |
| 4 | Жақсы<br>Мәтін құрылымы (кіріспе, негізгі және қорытынды), жанры сәйкес келеді. Ойын жеткізеді.<br>Лексикалық минимумды жеткілікті қолданады, стильдік қолданысы дұрыс. | Жақсы<br>Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды дұрыс қолданады.<br>Елеусіз қателері ойды түсінуге кедергі келтірмейді. |
| 3 | Қанағаттанарлық<br>Мәтін құрылымын (кіріспе, негізгі және қорытынды), жанрын, стилін сақтауға тырысқан. Ойын жеткізуде ішінара ауытқулар кездеседі.<br>Лексикалық минимумды қолдануға тырысады, стильдік қолданысы орташа. | Қанағаттанарлық<br>Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды қолдануда ішінара қателер жібереді.<br>Елеусіз қателер көп, бірақ ойды түсінуге кедергі келтірмейді. |
| 2 | Төмен<br>Мәтін құрылымын (кіріспе, негізгі және қорытынды), жанрын, стилін сақтауы шектеулі. Ойын жеткізуде ауытқулар көптеп кездеседі.<br>Лексикалық минимумды қолдануы шектеулі, стильдік қолданысы төмен. | Төмен<br>Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды қолдануда қателері көп болғандықтан, ойды түсінуге кедергі келтіреді. |
| 1 | Өте төмен<br>Мәтін құрылымы (кіріспе, негізгі және қорытынды) мүлдем ескерілмеген.<br>Жазба жұмысы жанрға, стильге сәйкес емес.<br>Ойын жеткізе алмаған. Лексикалық минимумды қолдануы шектеулі. | Өте төмен<br>Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды қолдануда өрескел қателер көп, ойды түсіну өте қиын. |

| Оқушының жұмысы |
|---|
|  Жазылым<br>Болымды және болымсыз етістіктерді қолдана отырып, еліміздің көрікті жерлері туралы досыңызға хат жазыңыз. (70-90 сөз)<br>[10]<br>Қазақстанда көрікті жерлер өте көп. Ондай жерлер тек көрікті болып қана қоймайды, шипалы да, яғни, емдік балшық, су, емдеу орындары бар. Табиғат аясында емделу, сауығу күш-қуатыңды қалпына келтіреді. Елімізде емдік қасиеті бар жерлер кеше ғана ашылмаған, әріден XIX ғасырдан мәлім еді. Көрікті жерлерді атап өтсек: шығыс Қазақстанда Рахман, Қапал Арасан, солтүстікте Бурабай, Оңтүстікте т.б. жерлер бар. Керемет жаратылған жерлерді [illegible] болу дұрыс емес, әрине. Сонда да бірінші орында – Бурабай тұр дер едім. Бұл жер туристік [illegible] болып та саналады. Осы жерге [illegible] тек демалып қоймай, ем қабылдауға [illegible]<br>4/5<br>9 |
| 9 б |
|  Жазылым<br>Болымды және болымсыз етістіктерді қолдана отырып, еліміздің көрікті жерлері туралы досыңызға хат жазыңыз. (70-90 сөз)<br>[10]<br>Қазақстан көрікті жер. Маған Отан ұнайды. Менде достар көп. Бірге [illegible]. Көкшетауға бардық. Демалдық.<br>2/4<br>6 |

**Тоқсандық жиынтық бағалауға**
**модерация өткізу бойынша отырыстың хаттамасы**

| **Білім мекемесінің атауы** | | | |
|---|---|---|---|
| **Пән** | | | |
| **Сынып** | **Тоқсан** | | **Оқу жылы** |
| **Модерацияға қатысушылар** | **Аты-жөні** | | **Қолы** |
| Модерация төрағасы | | | |
| Пән мұғалімдері | | | |
| | | | |
| | | | |

| **Жұмыс №** | **Модерацияға дейінгі балл** | **Модерациядан кейінгі балл** | **Шешімнің негіздемесі** |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

Модерацияға қатысушылардың қолы:

Аты-жөні________________________ қолы_____________
Аты-жөні ________________________ қолы _____________
Аты-жөні ________________________ қолы _____________

**9-күн, 1-3-сабақтар. Тәжірибелік жұмыс: Бөлім бойынша жиынтық бағалау тапсырмасын әзірлеу**

**9.1-тапсырма.** Бөлім бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырма әзірлеңіз, дескрипторлар құрастырыңыз.

**Бөлім** ______________________________________________________________

| | |
|---|---|
| **Тақырып** | |
| **Оқу мақсаты** | |
| **Бағалау критерийі** | |
| **Ойлау дағдысының деңгейлері** | |
| **Орындау уақыты** | |
| **Тапсырма** | |

**Дескрипторлар**

| Бағалау критерийлері | Тапсырма № | Дескриптор | Балл |
|---|---|---|---|
| | | Білім алушы | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| **Барлық балл саны:** | | | |

**9.2-тапсырма. Нормативтік және әдістемелік құжаттарды талдау**

| | Құжат атауы: |
|---|---|
| 1. | ҚҰЖАТТЫҢ МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯСЫ: |
| 2. | ҚҰЖАТ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ:<br>**A. Құжатта айтылған маңызды үш фактіні көрсетіңіз:**<br>1.<br><br>2.<br><br>3.<br><br>**B. Осы құжат қандай мақсатпен жазылған/не үшін берілген?**<br><br>**C. Осы құжатты жетілдіру қажеттілігі бар ма?**<br><br>**D. Құжатпен танысқаннан кейін туындаған қандайда бір немесе жауап ала алмаған сұрақтарыңызды жазыңыз:** |

**9-күн, 4-сабақ. Тапсырманы өзара бағалау**

**9.3-тапсырма.** Бөлім бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмаға сараптама жасаңыз.

Тыңдаушы портфолиосының А бөлімі: Бөлім/ ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар

Бағалау критерийлері:

- Оқу мақсаттары
- Бағалау критерийлері
- Тапсырмалар
- Дескрипторлар

| **Критерий** | **Бағалау компоненттері** | **Түсіндірме** |
|---|---|---|
| Оқу мақсаттары | Оқу мақсаттары оқу бағдарламасының бөліміне сәйкес | Бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалары оқу бағдарламасы бөлімінің мақсаттарына сәйкес |
| Бағалау критерийлері | бағалау критерийлері оқу мақсаттарымен сәйкес | - бағалау әдістері мен оқыту мақсаттарының сәйкестігі<br>- бағалау критерийлерін сипаттау |
| | бағалау критерийлері ойлау дағдыларының деңгейіне сәйкес | - бағалау критерийлерінің ойлау дағдылары деңгейімен сәйкестігі, тапсырманың ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталғандығы |
| Тапсырмалар | Бағалау критерийлеріне сәйкес келеді | Тапсырмалардың бағалау критерийлерімен сабақтастығы анықталады |
| | Ойлау дағдылары деңгейлеріне сәйкес келеді | Берілген тапсырмалардың белгілі ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталғаны анықталады |
| | Жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді | Берілетін тапсырмалардың оқушылардың жас ерекшеліктері мен оқу бағдарламасына сәйкестігі анықталады |
| | Анық әрі түсінікті тұжырымдалған | Тапсырмалардың мәні түпкілікті болатыны, тиісті жастағы (сыныптағы) оқушыларға тапсырмалар берілісі түсінікті болатыны бағаланады |
| | Тірек/көмекші сөздерсіз жасалған | Тапсырмаларда дұрыс жауаптарға тура немесе жасырын тірек/көмекші сөздер жоқтығы тексеріледі |
| | Күтілетін дұрыс жауаптар қисынды | Дұрыс жауаптың тапсырмалардың берілісіне сәйкестігі., «бір дұрыс жауаптан көп» жағдайының жоқтығы анықталады |
| | Тапсырмаларды орындауға берілген уақыт ұтымды бөлінген | Тапсырмалардың қиындығы оларды орындауға кететін болжамды уақытқа сәйкестігі тексеріледі |
| Дескрипторлар | Тапсырмалардың орындалуының бақыланатын және өлшенетін қадамдары нақты сипатталады | Критерийлер мен дескрипторлардың қаншалықты өзара байланысы, тапсырмаларды орындау кезінде дескрипторлардың өлшенетін қадамдарға сәйкестігі анықталады |

Сараптама нәтижесі:

## 10-күн, 1-3-сабақтар. Тәжірибелік жұмыс: Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмасын әзірлеу

**10.1-тапсырма.** Тоқсандық жиынтық бағалауға арналған тапсырма әзірлеңіз, балл қою кестесін құрастырыңыз.

**«________________________________________________» пәнінен**
**___-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары**

**Балл қою кестесі**

| № | Жауап | Балл | Қосымша ақпарат |
|---|---|---|---|
| 1 | | | |
| 2 | | | |
| 3 | | | |
| 4 | | | |
| | | | |

**10.2-тапсырма.** Тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмаға сараптама жасаңыз

**Тыңдаушы портфолиосының В бөлімі: Тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар**

Бағалау критерийлері: Тапсырмалар: Балл қою кестесі

| **Критерий** | **Бағалау компоненттері** | **Түсіндірме** |
|---|---|---|
| Тапсырмалар | Жиынтық бағалау үшін тапсырмалар сипаттамасы берілген | Жиынтық бағалау үшін тапсырмалар сипаттамаларының болуы/жоқ болуы белгіленеді |
| | Тапсырмалар сипаттамаларға (оқу мақсаттарына, баллдардың санына, орындау уақытына) сай келеді | Көрсетілген компонеттер бойынша тапсырмалар сипаттамасының сәйкестігі тексеріледі |
| | Тапсырмалардың мазмұны оқу мақсаттарына сай келеді | Тапсырманың оқу мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталғандығы анықталады |
| | Тапсырмалардың мазмұны ойлау дағдылары деңгейлеріне сай келеді | Тапсырмалардың мәлімделген ойлау дағдылары деңгейлеріне сәйкестік дәрежесі бағаланады |
| | Тапсырмаларды орындауға берілген уақыт ұтымды бөлінген | Тапсырмаларды орындауға берілген уақыттың оның күрделілігі мен оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі анықталады |
| Балл қою кестесі | Кестенің құрылымы барлық қажетті компоненттерден тұрады (тапсырма нөмірі, тапсырмаларды орындау кезеңдері көрсетілген жауаптары, әр кезеңге балл, балл қою бойынша ұсыныстары бар қосымша ақпарат) | Бағаларды (баллдарды) қою тәсілінің құрылымы барлық қажетті компонеттерді құрайтындығы анықталады. Баллдарды қою бойынша ұсыныстардың қаншалықты түсінікті екендігі анықталады |
| | Балл саны тапсырмалардың күрделілігі деңгейіне сәйкес келеді | Тапсырманы орындаудың әр қадамына берілетін баллдың қаншалықты тапсырманың күрделілігі деңгейіне жалпы сәйкестігі, сонымен қатар әр қадамның оның орындалуына сәйкестігі анықталады |

Сараптама нәтижесі:

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

### 10-күн, 4-сабақ. Курсты қорытындылау

**«Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау» бағдарламасы ойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстары тыңдаушыларының портфолиосын бағалау проформасы**

| Бөлім | Бағалау критерийлері | Бағалау компоненттері | Балл |
|---|---|---|---|
| Бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар | Мақсаттары | Мақсаттары оқу бағдарламасының бөліміне сәйкес | 2 |
| | Бағалау критерийлері | Бағалау критерийлері оқу мақсаттарымен сәйкес | 2 |
| | | Бағалау критерийлері ойлау дағдыларының деңгейіне сәйкес | 2 |
| | Тапсырмалар | Бағалау критерийлеріне сәйкес | 2 |
| | | Ойлау дағдыларының деңгейіне сәйкес | 2 |
| | | Жас ерекшеліктеріне сәйкес | 2 |
| | | Анық және түсінікті құрылған | 2 |
| | | Тапсырмалар тірек/көмекші сөздерсіз құрылған | 2 |
| | | Күтілетін жауаптар дұрыс | 2 |
| | | Жұмысты орындауға берілген уақыт ұтымды бөлінген | 2 |
| | Дескрипторлар | Тапсырмаларды орындаудың бақыланатын және өлшенетін қадамдарын нақты сипаттайды | 2 |
| Тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар | Тапсырмалар | Жиынтық бағалауға тапсырмалардың сипаттамасы келтірілген | 2 |
| | | Тапсырмалар спецификацияға (оқу мақсаттары, балл саны, орындалу уақыты) сәйкес | 2 |
| | | Тапсырмалар мазмұны оқу мақсаттарымен сәйкес | 2 |
| | | Тапсырмалар мазмұны ойлау дағдыларының деңгейіне сәйкес | 2 |
| | | Тапсырмаларды орындауға берілген уақыт ұтымды бөлінген | 2 |
| | Балл қою үлгісі | Үлгі құрылымы барлық қажетті компоненттерден тұрады (тапсырма нөмірі, тапсырманы орындау кезеңдері көрсетілген жауаптар, әр кезең үшін көрсетілген балл, балл қою бойынша ұсыныстар берілген қосымша ақпарат) | 2 |
| | | Балл саны тапсырмалардың қиындық деңгейіне сәйкес | 2 |

**Курс бойынша рефлексия**